




***Шетел филологиясы, лингводидактика
және аударма ісінің өзекті мәселелері***

**VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
семинардың жинағы**



Нұр-Сұлтан - 2020

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
III 50

Бас редакторы – филология ғылымдарының докторы, профессор
А.Е. Бижкенова

Редакторлық алқасы:

Филология ғылымдарының докторы, профессор К.К. Дуйсекова
Педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор К.Н. Булатбаева
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Г.К. Кенжетаева
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Н.З. Жуманбекова
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. М.Л. Анафинова

Техникалық редакторы - Смагулова М.Г.

III 50 Шетел филологиясы, лингводидактика және аударма ісінің өзекті мәселелері. VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинардың жинағы. – Нұр-Сұлтан: «Мастер По» ЖШС, 2020. – 141 б.

ISBN 978-601-326-420-2

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің филология факультеті шетел филологиясы кафедрасында жылына бір рет ашық түрде өтетін VIII ғылыми-тәжірибелік семинарының жинағына қатысушылардың ізденіс жұмыстары кіргізілген. Шетел филологиясы, шет тілдерін оқыту, және қазіргі таңдағы аударма мәселелеріне арналған ғылыми жазбалар енді.

Мәтіндер мағынасы мен стилистикасы авторлардың жауапкершілігінде.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-326-420-2

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020

ҚҰТТЫҚТАУ

2020 жылдың 5 сәуірінде Филология ғылымдарының кандидаты, Шетел филологиясы кафедрасының профессоры Гүлнәр Құсайынқызы Сәрсикеева 70 жасқа толды.

Гүлнәр Құсайынқызы, С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогикалық институтының шет тілдер факультетінің түлегі, өзін туған *Alma mater* қабырғасында педагогикалық қызметіне арнады. Ұзақ жылдар бойы француз тілі кафедрасының, кейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің роман-герман тілдері кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Г.К. Сәрсикеева кандидаттық диссертациясын қорғап, тіл білімі доценті ғылыми атағын алды. Ал 2017 жылы ол Париж қаласындағы университетте аударма саласындағы философия докторы ғылыми дәрежесіне диссертация қорғап, Францияның PhD дипломын алды.

Гүлнәр Құсайынқызы білім беру қызметімен қатар, аудармамен айналысты және француз тілінің тәжірибелі аудармашысы болып танылды. Ол француз аудармашыларымен қосылып Францияда қазақ жазушысы, ақын және ағартушы Абай Құнанбаевтың "Қара сөздерін" аударып жарыққа шығарды. Сонымен қатар басқа да қазақ шығармалары, оның ішінде қазақ ертегілері Г.Қ. Сәрсикееваның аудармасымен француз тілінде жарық көрді.


Г.Қ. Сәрсикеева бүгін де Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті Шетел филологиясы кафедрасында белсенді жұмыс атқарып келеді.

Г.Қ. Сәрсикеева филология факультетінің еңбегі сіңген оқы-тушылар қатарына кіреді.

Факультет пен кафедра ұжымы Гүлнәр Құсайынқызы Сәрсикееваны мерейтойымен құттықтап, одан әрі шығармашылық табыс тілейді!

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Филология факультеті мен
Шетел филологиясы кафедрасының ұжымы

30 сәуір, 2020 ж.,
Нұр-Сұлтан қаласы





САРСИКЕЕВА ГҮЛНАР ҚҰСАЙЕНҚЫЗЫ
(туған жылы 05.04.1950)

КСРО ЖАК филология ғылымдарының кандидаты, доценті, Париж Нантер университетінің философия докторы, /PhD/, мамандығы: "Sciences du Langage",
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Шетел филологиясы кафедрасының профессоры,
Академиялық Пальма Орденінің Шевальесі (Франция, 2010)
Қазақстан мен Францияның арасындағы мәдени қарым-қатынастарының дамуына
қосқан үлесі үшін

Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Білім. Кәсіби қызмет

1970 ж. - Сәкен Сейфуллин атындағы Целиноград мемлекеттік педагогикалық институты түлегі ;

1979-1989 ж. - ЦМПИ француз тілі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент;

1989-2001 ж. - Алматы қ.: Қазақ Мемлекеттік Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің француз филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті және қосымша қызмет істеушілік - "КАТКО-AREVA" қазақ-француз компаниясының аға аудармашысы» Қазақстанның оңтүстік және батыс облыстарында;

2001-2008 ж. - ЕҰУ роман-герман тілдері кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доценті;

2008 ж. - ЕҰУ Филология факультетінің Шетел филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті;

2018 ж. - қазіргі таңда, Нұр-Султан қаласындағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде Филология факультетінің Шетел филологиясы кафедрасының PhD, профессоры.

Ғылыми және аударма қызметі

Ғылыми бағыттары: Француз филологиясы, Абайтану, Аударматаным.

Шетел филология кафедрасында теориялық және практикалық сабақтарын жүргізу, магистранттар мен докторанттардың диссертацияларының ғылыми басшылығын іске асыру.

2002-2004 ж., 2018ж - «Опера мен Балет театры», кейіннен-Астана-Опера» Мемлекеттік Опера Театрында француз дирижерлері мен балетмейстерлерінің балет, спектакль және опера қойылымындарының француз тілінің аудармашысы;

2008-2017 ж. - халықаралық жобалардың мүшесі (Испания, Германия және Франция (с): "EUROPHRAS. European Society of Phraseology. "Еуропада және одан тыс жерлердегі кең таралған идиомалардың полилингвалды сөздігі". 2012 ж. 1 томы мен 07.10. 2014 ж. 2 томы 07.10. әлемге әйгілі "Peter Lang Publishing Group" баспасында жарық көрді. Réf : www.widespread-idioms.uni-trier.de;

2009 ж. - қазіргі уақытқа дейін "ESFAM" (Болгария) Халықаралық Бағдарламасының тұрақты үйлестірушісі: магистратураға түсу, біліктілігі: "экономика магистрі" бейіні бойынша – ref.- <http://www.bulgaria-france.net/>. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Филология факультеті 40 астам түлектер мен Алматы қ., Қостанай, қала-ларының де София қаласындағы басқару және менеджмент мамандықтар бойынша Франко-фония Институтының Жоғары Мектебін «ESFAM» сәтті бітіріп, Қазақстанда дипломда-рына сәйкес жұмыс жасайды;

2011 ж. - халықаралық коллоквиум ғылыми Комитетінің мүшесі және модератор (Гранада, Испания), сондай-ақ 2017ж осы лауазымдарда - Стамбул қ. (Түркия) Техникалық университетінде. Францияда, Испанияда, Флоренцияда Венгрияда, Румынияда, Ресейде және Қазақстанда 60-тан астам форумдар, конгресстер, коллоквиумдар материалдарының жинақтарында француз тіліндегі ғылыми баяндамалар жарияланды: **17.09.2016 ж.** - "Gestion des ressources et gouvernance" Халықаралық экономикалық коллоквиумда ғылыми комите-тінің мүшесі, баяндама тақырыбы.: «La culture du Kazakhstan et son impact sur les politiques d'environnement ». Roumanie, Université Titu Maiorescu. Экономистер осы баяндама туралы өте жақсы пікірлерімен бөлісіті;

17.08.2017 ж. - "Болашақ энергиясы: Әйелдер, бизнес және жаһандық экономика" жобасының мүшесі, Астана қ., www.expoandwomen, пленарлық сессиядағы ғылыми баяндаманың тақырыбы: "Мәдениет тұрақты даму факторы ретінде";

21-23.09.2017 ж. - Халықаралық конференцияға «Соғыссыз әлем, Жібек жолындағы кездесу» атты сарапшы ретінде. М.М. Әуезов шақыруы бойынша Алматы қаласына ғылыми іс-сапар.

2017-2018 ж. - желтоқсан- қантар айларында Эрасмус+бағдарламасы аясында ВАЛАНСЬЕН-ЭНО-КАМБРЕЗИ университетінде (Франция) студенттер мен магистрант-тарға) -француз тілінде 15 сағат дәріс оқу;

2018 ж. – Мемлекеттік бағдарламасы "Қазақ тіліндегі 100 классикалық туындыны шет тілдеріне аудару» аясында қазақ тілінен француз тіліне 2 әдеби шығарманың аудармасы: Уәлихан Ысқақ "Қоңыр күз еді", және Асқар Сүлейменов "Қара шал" .

2019 ж. - Тұңғыш Президентінің "Рухани жаңғыру"атты мақаласын қазақ және орыс тілдерінен француз тіліне аудару;

2020 ж. - Абайдың 175 жылдығына байланысты ЕҰУ іс-шараларына қатысу: телеар-наларға (КазИнформБюро, Қазмедиа радиосы Егемен Қазақстан газетіне қаз. және орыс тілінде сұхбат беру. Егемен КЗ газетіне қазақ тілінде мақала жазу., Абай «Қара сөздер» француз тіліндегі шығармасынан үзіндіні әлеуметтік желіде оқу.

"Нұр Отан" партиясының тұрақты мүшесі, Француз Альянсы жанындағы француз тілі оқытушылары қауымдастығының мүшесі.

Кітап аудармалары

1. Абай "Қара сөздер", "Білім" баспасы, Алматы, 2001, рег. 2005 жылғы 27 шілдедегі № 166 қаулысы (бірлескен авторлықта).

2. Қазақ халық ертегілері: "Ер Төстік.", изд.: "Ақарман-медиа", Астана, 2010 ж., 72 пл. – (цветн. иллюст.). рег. 2010 жылғы 13 шілдедегі №1245

3. М. Шаханов. "Тайна, унесенная Чингисханом", изд.: "SAR Béar" Perpignan, 2005, (Франция), (орыс тілінен француз тіліндегі аудармасы) рег. 2005 жылғы 29 маусымдағы № 137 (бірлескен авторлықта).

4. "Қазақ халқының мәдениеті туралы антология: тарих, әдебиет және өнер" кітабы, социология ғылымдарының докторы Ванда Дресслермен (Франция) бірлесіп дайындалған кітап. 380бет. Париж қаласындағы "CARACTERE" баспасына тапсырылды.

Марапаттаулар мен көтермелеулер

2002 ж. - ҚР Білім Министрлігінің Құрмет грамотасы

2006 ж. - ҚР БҒМ Мемлекеттік гранты: " ЖОО Үздік оқытушысы" 2006 ж;

2008 ж. - Диплом және Күлтегін медалі – « ЕҰУ Мақтанышы»;

2010 ж. - "Болашақ" Халықаралық Президенттік бағдарламасының Мемлекеттік Гранты»;

2010 ж. - ҚР-дағы Франция Елшілігі: сертификат және ордені: Академиялық Пальма Шевалье атағы ордені: Қазақстан мен Франция арасындағы ғылыми және мәдени қатынас-тарды дамытуға қосқан үлесі үшін;

2012 ж. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультетінің 50 жылдығына орай «Құрмет грамотасы»;

2016 ж. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті: «ЕҰУ-нің 20 жылдығына» орай «Құрмет грамотасы».



Содержание

Құттықтау.....	3
СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И СОДЕРЖАНИЕ ИНОЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ	
<i>А.А. Адылханова</i> МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ В ШКОЛЕ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ.....	7
<i>Г.Д. Баубекова, К.Н. Булатбаева</i> ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ МОЛОДЕЖИ НА ОСНОВЕ ФОЛЬКЛОРА КАЗАХСКОГО НАРОДА	11
<i>A.S. Vervein, N.Z. Zhumanbekova</i> NATIONAL SOCIO-CULTURAL STEREOTYPES OF SPEECH COMMUNICATION.....	17
<i>Гладко М.А.</i> ТЕМАТИЧЕСКИЕ ДОМИНАНТЫ В МЕДИАДИСКУРСЕ БЕЛАРУСИ.....	21
<i>Ерланов Е.Е.</i> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТАРИХИ СИПАТЫ.....	26
<i>Исабекова С.З.</i> АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ И ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ К ИНОЯЗЫЧНОМУ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ОБЩЕНИЮ В КОНТЕКСТЕ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»	32
<i>Отызбаева К.Ж., Дюсенгалиева А.А., Загоруля О.Л.</i> ВЛИЯНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РЕЧЬ СОВРЕМЕННОГО ПОДРОСТКА.....	39
ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА	
<i>A.B. Yertostikova, A.E. Bizhkenova</i> POETISCHER DISKURS DER FRÜHEN LYRIK VON A.A. ASHMATOVA.....	45
<i>Жабигенова Г.С.</i> ЛИЧНОСТНЫЙ СМЫСЛ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ КУНАНБАЕВА «СЛОВА НАЗИДАНИЯ» И МИШЕЛЯ МОНТЕНЯ «ОПЫТЫ».....	51
<i>Искандерова А. Н</i> ПРИНЦИПЫ И ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ОРОНИМОВ.....	58
<i>Каримова Н.Б.</i> О ТАЛАНТЕ ТВОРЦА.....	62

Кинжагалиева К.У, Нуркенова С.С.	
СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР.....	65
Мырзалы М.Б., Сарсикеева Г.К.	
АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕР» ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ.....	70
Ниязбекова Г.М., Сарсикеева Г.К.	
“THE EFFECT OF LIFE” AS AN IMPLEMENTER OF THE AESTHETIC FUNCTION IN LITERATURE.....	77
Сапабеков С.М.	
ПОСТМОДЕРНИСТСКАЯ ПРОЗА В ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСТАНА	83
Спиглазова Г.И	
L’ENSEIGNEMENT DU FRANCAIS LANGUE ETRANGERE EN QUATRIEME ANNEE D’ETUDE.....	88
Шишковский С.А.	
К ВОПРОСУ О ПОДХОДАХ К ИЗУЧЕНИЮ ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТИ.....	92
ВОПРОСЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ	
Байгужина Ж.К	
ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ.....	99
Боранбаева А.М.	
THE SPECIFICITY OF WRITTEN BUSINESS COMMUNICATION.....	105
Дуйсекова К.К., Кенжигожина К.С.	
К ПРОБЛЕМЕ ПЕРЕВОДИМОСТИ И НЕПЕРЕВОДИМОСТИ (по следам перевода «Қара сөздер» Абая на французский язык).....	108
Ерходжаева М. А	
ІЛІЯС ЕСЕНБЕРЛИН «АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫНДАҒЫ РЕАЛИЯНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ	112
Загидуллина А.А.	
СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ ТОПОНИМОВ ВО ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКЕ.....	118
Кадырбаева А.С	
ЗАИМСТВОВАНИЯ ВО ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКЕ: ПРОЦЕСС ОБОГАЩЕНИЯ ИЛИ АССИМИЛЯЦИИ ЯЗЫКА?.....	123
Қоңқабаева А.Т.	
КІДІРІСТІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	128
Оспанова Ж.Т., Толыбаева К.К.	
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МЕТАФОРИЧЕСКОГО ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ.....	135

путать творческий талант с увлечением писаниной. Для составления текста, сочинения, изложения уже разработаны определенные требования, параметры, при этом тему определяет педагог. Однако писательство не означает, что нужно соответствовать стандартам. В первую очередь идею и тему произведения должен найти сам пишущий человек. В отличие от сочинения, которое имеет введение, основную часть и заключение, творческий человек имеет свой индивидуальный стиль. Он в структуре сочинения не соблюдает троицу, навязываемую Николой Буало: время, пространство и эпоха [4, 158 стр].

Ответственность за воспитание таланта несет сам обладатель таланта. Правильное распределение и использование времени сокращает путь к цели. Чрезмерная роскошь, тщеславие из-за двух написанных строк, прекращение работы над собой, не достигнув полного творческого статуса, останавливает воспитание таланта. Густав Флобер обратился к молодым писателям со словами с критической нотой: «Если ты ценишь свой талант, то не будешь идти на поводу у публики, чтобы ей угодить» [6, 2 стр]. Навыки письма нельзя формировать путем зубрежки, также, и выбор слова, характерного для писателя, не может быть заимствован от другого. Народное признание творчества писателя, многочисленные поклонники – это все благодаря таланту, именно талант обеспечивает своему обладателю достойное место в мировой литературе, вечность его произведений. Поэтому талантливые люди всегда балансируют между признанием и критикой.

Список использованных источников

1. Rasul Hamzatov. Umr karvoni T.: “O‘zbekiston” NMIU, 2013, 168 стр.
2. Абдулла Орипов. Эҳтиёж фарзанди. Т.: “Ёш гвардия”, 1988 –йил, 34- стр
3. Шарафиддинов О. Ижодни англаш баҳти.-Т. Шарқ нашриёти. 2004
4. Жаҳон адиблари адабиёт ҳақида. Т. “Маънавият”. 2010. 249-бет.
5. Ўзбекистон миллий энциклопедияси, 4 том, Т.: “Ўзбекистон миллий энциклопедияси” Давлат илмий нашриёти.
6. Юхан Борген “Ёзувчи бўлмоқ нима дегани?” “Китоб дунёси” газетаси, 2018 –йил, 21 –сони

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Кинжағалиева К.У докторант, ф.ғ.к., доцент Нуркенова С.С.,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
nurkenova_s@mail.ru, karylgash_84_15@mail.ru*

Аннотация. Статья посвящена вопросам усвоения культуры речи в современном обществе. В наше динамичное и очень требовательное время современный человек для достижения поставленных целей и задач должен обладать не только профессиональными качествами, но и владеть четкой и нормативной речью. Литературный язык считается основой речевой культуры, так как соответствует нормам языка. В статье предлагается характеристика понятия "культура речи"; рассматриваются нормы литературного языка; основные проблемы культуры речи, отклонения от литературных норм.

Ключевые слова: культура речи, языковая норма, литературный язык, лексика, стиль, грамотность

Abstract. The article deals with the the assimilation of the culture of speech in modern society. Literary language is the basis of speech culture, as it complies with the norms of the language. The article touches upon a description of the concept of "speech culture"; the norms of the literary language; the main problems of the speech culture, deviations from literary norms.

Keywords: speech culture, language norm, literary language, vocabulary, style, literacy

Сөз мәдениеті пәнінің қазіргі жай-күйі алдымен қазақ тіл білімінің өткендегісімен және бүгінгі даму деңгейімен, жалпы тілтанымдағы дәстүрлі парадигмалардың жаңа парадигмаларға ығысып орын беру үрдісімен де байланысты. Қазақ сөз мәдениетінің пән ретінде қалыптасуының алғышарты ретінде әсіресе қазақ тілі бойынша жазылған алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарында (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, С. Аманжолов т.б.) грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормалардың ереже түрінде берілуі әдеби тілдің кодификацияланған нормаларды қалыптастыруда маңызы ерекше болды.

Қазіргі әдеби тіліміз – халық тілінің жоғарғы формасы болып табылады. Әдеби тіл дамыған сайын оның қоғамдық қызметі, нормалық жүйесі нығая түседі. Сөйлеу тілі де, әдеби тіл де өзара тамырлас, әрі бірінен бірі нәр алып дамиды, соңғысы халық тілі негізінде жасалып, оның құнарлы қазынасынан керегін таңдап алып дамыса, сөйлеу тілі де өзінің бұрынғы дәрежесінде қалып қоймай әдеби тіл елегінен өтіп, жалпы халықтық қасиетке ие болған бай-лықтарын, керсінше, үнемі қабылдап отырады. Бара-бара сөйлеу тілі мен әдеби тілдің алыс-берісі күшейіп, әдеби тілдің екі түрі – жазба әдеби тіл мен сөйлеу әдеби тілі қалыптасады.

Әрбір тілдің сол тілде сөйлейтін қауымдар арасында қатынас құралдық қызмет атқарумен қатар, сол қауымның күресі мен жеңісінің құралы, мәдени өмірінің тұтқасы болып табылады. Әрбір қоғам сондықтан ана тілінің тағдырына немқұрайды қарай алмаған, оны қызғыштай қорып, халықтың мәдени дәрежесін көтеру жолында сол халықтың тілдік мәдениетін – жазу, жетілу, жақсарту талабынан басталып отырған.

Халқымыздың кешегі өткен ойшылдары, ағартушы-ғалымдары, ақын-жыраулары ішінде тіл мәдениетін сөз етпей, тіл шұбарлаушыларға кейістік білдірмей кеткені кемде-кем. Тіпті қазақ даласындағы алғашқы мерзімді баспасөздердің өзі, «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» және «Айқап» журналы қысқа мерзімді өмірлерінің ішінде тіл мәдениеті, тіл тазалығы тақырыбына ондаған мақалалар жарияланды. Бұл жағдайлар тіліміздің мәдениеттілігін арттыру, оны шыңдап жетілдіре беру талабының ерте кезден-ақ сөз болып келе жатқан жалпыхалықтық мәселе, ұлттық мәдениет мәселесінің бөлінбейтін бір саласы екендігін аңғарады. Сондықтан С.Қирабаев: «Қазіргі әдеби тіл мен оның нормасын, жазу емлесін үйрену, жалпы тіл мәдениетін көтеруге ұмтылу ешкімге ұятты іс емес, қайта абыройлы борыш. Бұл – Отан алдындағы, халқымыз, ұлтымыз ана тіліміз алдындағы патриоттық борышымыз. Бұған бізді ел сүю, жер сүю, ұлтымызды сүю сезімдері міндеттейді» [1,8]. Енді осы мәселенің екінші, теориялық жағы бар.

Тіл тазалығының жанашыры белгілі ғалым Х.М.Нұрмұқанов: «Ауызекі сөйлеу не практикамызда жатық стиль, тіл нормасы, мен тіл мәдениеті

талаптарын мұқият ескеріп отыру, оларға үлкен жауапкершілікпен қарау керек» деп жазған болатын [2,8].

Сөз мәдениеті мәселесінде теориялық негізінен табудың, яғни тіл мәдениеті жөніндегі ғылымды лингвистикалық бір саласы ретінде қалыптастырудың қажет екендігі - бүкіл лингвистикада көтеріліп жүрген мәселе. Сондықтан болар Т.Қордабаев «Сөйлеу мәдениетін сөз еткенде, бұл саладағы кемшілікті сынға алғанда сүйеніш етер негіз, бағыт тұтар құбыламыз тілдік норма, әдеби тіліміздің сөйлеу, жазу нормасы болмақ. Сондықтан сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы үшін күрес – қалыптасқан норманы сақтау үшін күрес болмақ. Олай болса, бұдан шығатын қорытынды – сөйлеу мәдениеті жөніндегі ілімнің негізгі міндеті – тілдік норма дегеннің сырын ашу, оның құрамына нелердің енетінін айқындау болса керек», - деп анықтайды [3,118]. Сондықтан әдеби тіл деген мәселеге қысқаша шолу жасайық.

Тілді сол тілде сөйлеуші халық жасайды. Халық тілінің ең жоғарғы формасы - әдеби тіл. Әдеби тіл көбінесе халық тілі негізінде жасалатындықтан, оны сөйлеу тілінен мүлде оқшау тұрған өзгеше тіл деп тану дұрыс емес. Сонда да оның елеулі ерекшеліктері болады.

Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды. Қазақ халқының жазуы болмай тұрған кезде бай ауыз әдебиеті болды. Ауыз әдебиеті әдеби тілді қалыптастырудың алғашқы лабораториясы, әдеби тілді шыңдаудың әдепкі дүкені болғаны рас, бірақ оның тілі шын мәнінде әдеби тіл деп есептелмейді. Оның себебі – фольклор тілінде жалпыға ортақ бірізділік, әдеби тілге тән басқа қасиеттер бола бермейді, көп жерде, мысалы ертегіде, ауызекі сөйлеу тілінен оның айырмашылығы шамалы-ақ болады.

Сөйтіп, «әдеби тіл» деген ұғым халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты екен. Әдеби тіл жазу арқылы, әдеби мұраларды баспаға басып, жұртқа тарату арқылы, ауызекі тілдің байлықтарын екшеп саралау арқылы қалыптасады. Онда да қағазға, тасқа жазылғанның бәрін, баспаға басылғанның бәрін әдеби тілдің үлгісі деуге болмайды.

Әдеби тіл – жүйелі тіл. Жазба тілдің ілгері даму барысында халық тілінің сөз байлығы, грамматикалық құрылысы ықшамдалады, сұрыпталады, нормаланады; жазу мәдениеті арту арқылы халықтың тіл мәдениеті артады. Сөйлеу тілінде көптеген сөзді әркім әр түрлі айтатын болса, түрліше қолданатын болса, әдеби тілде олар жұрттың бәріне бірдей, бірқалыпты жұмсалады. Ондай бірізділік орфографияда да, әйтеуір, тілдің, тіл мәдениетінің барлық тармақтарында белгілі жүйе – норма болуға тиіс.

Әдеби тілдің жазуы – сұрыпталған, бір ізге түскен жазу. Тілдің нормалану дәрежесін неғұрлым айқын болса, тілдің әдебиеттік қасиеті соғұрлым жоғары болады. Әдеби тіл – стильдік тармақтары бар тіл. Әдеби тіл қоғамдық құбылысқа жатады. Ол қоғамның ресми мемлекет тілі болатындықтан, оның қызметі де барынша кең болады. Сол орайда түрлі-түрлі тілдік стильдер пайда болады. Мысалы, XVIII ғасырдың екінші жартысында

хандар жарлығының, іс жүргізу стилі, діни әдебиет стилі, өлең-жырлар стилі болады. Бірен-саран газет шыққанмен, ол кезде публицистикалық стиль қалыптаспаған болатын.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің жұмсалыу аясы кеңейді. Өміріміздің қилы-қилы салаларында жұмсалатын әдеби тіліміз түрлі-түрлі стильдік өң алып, дамып келеді. Қазір оның мынадай стильдік тармақтары бар: 1. Ресми іс қағаздар –кеңсе тілінің стилі; 2. Публицистикалық стиль (газет-журнал тілінің стилі); 3. Ғылыми-техникалық әдебиеттің стилі; 4. Көркем әдебиет тілінің стилі.

Мұндай стильдік тармақтар әдеби тіл қызметінің артуы, тілдің дамуы нәтижесінде жасалады. Ендеше, тілдің стильдік жүйелерінің саралануы – тілдің әдебиеттік басты белгілерінің бірі. Тілдің стильдік тармақтары неғұрлым сараланған болса, әдеби тілдің соғұрлым буыны қатып, бұғанасы бекігендігі.

Әдеби тіл – қоғамдық қызметі мол тіл. Сөйлеу тілі беттесіп қарым – қатынас жасаудың құралы болса, әдеби тіл, сонымен қатар, өнердің, мәдениеттің, ғылымның, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, кеңсенің, бас-пасөздің...тілі. Әдеби тілдің біркелкі, әрі жаппай, қоғамның барлық өміріне қатысты бола жұмсалыуы – оның әрі ұлт тілі болуының белгісі.

Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрін қатар дамытып, оның қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуіне мүмкіндік жасау, түрлі ауытқулардан арылтып отыру, небір күрделі ойдың әр қилы нәзік айырымдарын тіл арқылы дәл, анық жеткізе білуге көпшілікті тәрбиелей түсуге т.б. тіл мәдениетін көтеру деген ұғымды білдіреді. Тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті деген терминдер қазір бір-бірінің орнына қолданылып та жүр. Мысалы, М.Балақаев тіл мәдениетіне былайша анықтама берсе: «Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – оның барлық сатыларының жүйесін, заңдылықтарын оқушыларға білдіру болса, тіл мәдениеті ілімінің ондағы негізгі мақсаты - әдеби тілде барды дұрыс тандап, талғап сөйлеуге, жазуға, сауаттылыққа үйрету, олардың тіл мәдениетінің сапасын жоғары сатыға көтеру болмақ» [5,9].

Ал Н. Уәлиев: «Тіл мәдениеті дегеннің ұғымы кең. Ол көбіне-көп қарым-қатынас құралы болып табылатын, тілді жетілдіре беру, ұштай түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік тәрізділерді де қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты қарасақ, сөз мәдениеті дегеніміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әрқилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды», - дей келе, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдері қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіретіндігін, тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті мәселелері ажыратып көрсетеді [6,16].

Әдеби тіл нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. «Тіл мәдениеті» әдеби тіл нормасы туралы білім саласы ретінде пайда болғаны мәлім. Тілдік норма - әдеби тіл туралы ұғымның ең

негізгі элементі. Ал әдеби тілдің нормасы дегеніміз не? Бұл жайында түрлі зерттеулер әр қилы пікір айтылып, әр түрлі анықтама беріліп жүрсе де, табиғаты күрделі бұл құбылыстың сыры толық ашыла қойған жоқ.

Әдеби тілдің даму үдерісінде біріне-бірі қарама-қарсы екі түрлі бағдар байқалады. Бір жағынан, тіл қоғам өмірімен (ғылымның, мәдениеттің, әдебиеттің, экономиканың т.т дамуымен) тікелей байланысты болатындықтан, ол үздіксіз дамып, сол даму барысында халық тілінің ішкі мүмкіншіліктері кеңінен пайдаланылып, тіл мен тілдің қарым-қатынасы күшейіп, өзгеріске ұшырап отырады. Екінші жағынан, мемлекеттік, саяси-қоғамдық іс атқару жұмыстары орныққан сайын, баспасөз, әдебиет, экономика, ғылым, мәдениет дамыған сайын тілде бар ала-құла қыруар байлықтардың тиімділері, тілге жатық әрі үйлесімділері, кісінің ой-пікірінің, сезімін, дәл, айқын айтуға жарамдылары сұрыпталып, жалпыға ортақ қалыпқа түсіріліп, нормаға айналады. Осы үдерістерге жол ашатын нысанды жағдайлар жасалып отырған біздің елімізде, әдеби тілді байыту нормаға түсіруге қарайлас болуға тиіспіз.

Тілдік норма жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуынан да, грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да, сөйлем құруда да, қысқасы, тілдің өн бойында болуға тиіс. Әрине мынаны қолдан, мынаны қолданба деп барлығына бірдей рецепт беру мүмкін емес.

Тіл мәдениеті проблемаларының ішінде басты орын алатын – лексикалық бірліктердің қолданысы. Өйткені, сөзсіз, біз өз ойымызды жеткізе алмаймыз. Тіл – тілдің лексикалық қазынасының ғасырлар бойы қалыптасып, адамдардың қатынас және эстетикалық құралы болып қызмет ететін, әлеуметтік талғамнан өткен сөздер тобы әдеби нормасы болып табылады. Диалектизмдер, жаргон сөздер, қарапайым сөздер, дөрекі элементтер әдеби лексикалық құрамнан тыс тұрады. Ал сөздердің әсерлі, орынды қолданысын, бұл қолданыстың дұрыс не бұрысын стилистикалық норма зерттейді.

Тілдік норманың өзі дұрыс деп бағалануы үшін ол тілдің құрылымдық заңдылықтарына сай келуі керек. Тұтас алғанда тілдік нормалар, әсіресе жазба сөз нормалары мүлде өзгермейтін құбылыс емес. Уақыт өткен сайын тілдің өзі сияқты, оның әр алуан тұстарындағы нормалары да өзгеріп отырады, бірақ бұл өзгерістер түбегейлі емес, жеке сәттері өзгереді, оның өзі бір сәттік емес, біршама уақытты алатын құбылыс. Сондықтан да тілші-ғалымдар тілдік норма мәселесін қарастырғанда тіл дамуының белгілі бір кезеңін алып, синхрондық тұрғыда зерттеу керектігін айтады.

Тіл мәдениетінің ең бастысы тілдік норманы таныту, талдау, зерттеу. Ол тілдің барлық салаларын қамтиды. Осылардың заңдылықтары мен олардың қолданыстағы көрінісінің ұштастығы және сәйкестігі тілдік норма болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қирабаев С. Асыл парыз.// Өнер алды - қызыл тіл. Алматы: Ғалым, 1986.
2. Нұрмұқанов Х.М. Сөз және шеберлік. А., 1987.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан.

4. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. –Алматы: Мектеп, 1974.
5. Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1987.
6. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті, - Алматы: Мектеп, 1984.

АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕР» ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Мырзалы М.Б.

Еуразия ұлттық университеті, Нұр сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы

Сарсикеева Г.К.

шетел тілі филологиясы кафедрасының профессоры, PhD

gsarsikeieva@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты Абайдың «Қара сөздер» философиялық трактатының прагматикалық аспектісін анықтау болып табылады. Қара сөздердің оқырманға беретін әсері арқылы мәтіннің мазмұны мен берілген ойды, тақырыпты зерттеу міндетті болып табылады. Прагматикалық әлеуетін анықтау нәтижесінде қара сөздерді тақырыптық топтарға бірлестіру.

Кілт сөздер: прагматикалық әлеует, көркем мәтін, қара сөздер, ұлттық-мәдени құндылықтар.

Abstract. The purpose of this article is to identify the pragmatic aspect of Abay's philosophical treatise "Words of Edification." It is imperative to examine the content, the thoughts and the subject matter provided by the impact of the edification words on the reader. Classifying words into thematic groups because of identifying pragmatic potential.

Key words: pragmatic aspect, literal text, words of edification, national-cultural values.

Мәтіннің прагматикалық әлеуеті - мәтін мазмұнының негізі мен оны анықтайтын лингвистикалық тілді таңдау нәтижесі. Өзінің коммуникативті ниетіне сәйкес ақпарат көзі логикалық және коннотациялық тұрғыдан әсер беретін тілдік бірліктерді таңдайды және олардың арасында қажетті семантикалық байланыстарды орнататындай етіп мәлімдеме түрінде ұйымдастырады.

Тиісті тілдік құралдарды таңдау нәтижесінде құрылған оқырманға коммуникативті әсер бере алатын белгілі бір прагматикалық әлеуетке ие болады. Мәтіннің прагматикалық әлеуеті мәтіннің мазмұны мен формасымен анықталады және мәтін авторымен біршама нақтыланған болып табылады. Прагматикалық элемент сөздің лексикалық мағынасына, грамматикалық категориялар мен синтаксистік құрылымдардың мағыналарына енгізіледі, ол сөйлемнің нақты бөлінуінде көрініс табады. Прагматика негізінен грамматика мен семантикаға негізделеді. Дегенмен, бір сөйлемде бірлік ретінде айтылатын семантикалық және прагматикалық аспектілер тілдік құралдармен көрінетінін атап өткен жөн. Танымдық көзқарас тұрғысынан, тіл мен мәтінді түсінудің негізі - прагматикалық қорытынды жасау тәртібі [1, 5 б.].

«Қара сөздер» - 45 қысқаша нақыл сөздер мен философиялық трактаттардан тұратын іргелі жұмыс. Абай «Қара сөздерді» өзінің күрделі өмірінің барлық қырларын біліп, жастық жылдардан, жетілуден, сынақтардан, жергі-